



## **Дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы**

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі № 264 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 қыркүйекте № 8662 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Аудан әкімдігінің "Дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы" 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 135 қаулысының (2018 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7754 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Испергенов*

Әкімдіктің

2019 жылғы "19" қыркүйектегі

№ 264 қаулысына

қосымша

**Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі**

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2	Көп балалы отбасыларынан оқушы-балалар	Тегін
3	Балалар үйлерінен оқушы-балалар	Тегін
4	Спорт ардагерлері	Тегін
5	Оқушылар	Тегін
6	Студенттер	Тегін
7	Зейнеткерлер	Тегін

Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК